Мотивированные замечания и предложения в письменной форме (на бумажных или электронных носителях) вы можете направить на электронный адрес: astanagenplan.res@gmail.com в срок до 9 июля 2026 года (не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных обсуждений Проекта).

Благодарим за активное участие в жизни Шортандинского района!

Подключиться к конференции Zoom
https://zoom.us/j/3309532632?pwd=gw2AbTbTRLSn67JKkXpstWUJzrA7OO.1

Идентификатор конференции: 330 953 2632

Код доступа: r81c9h

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АРДАГЕРЛЕРІНІҢ КЕЗДЕСУІ

2026 жылғы 10 маусымында аудан әкімінің орынбасары Ш.Х.Ахметованың және аппарат басшысы А.В.Сейфидиновтың төрағалығымен Мемлекеттік қызметші күніне арналған мемлекеттік қызмет ардагерлерімен салтанатты кездесу өтті.

Іс-шара жылы әрі іскерлік жағдайда ұйымдастырылды. Мемлекеттік қызмет жүйесін одан әрі жетілдіру, ұрпақтар сабақтастығын сақтау және нығайту, сондай-ақ ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына мемлекеттік қызметшілердің қосатын үлесін арттыру мәселелері кеңінен сөз болды.

Кездесу барысында ардагерлер мемлекеттік қызметтің мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуінің негізі екенін атап өтіп, қызметтік міндеттерді адал, жауапкершілікпен және кәсіби деңгейде орындаудың маңыздылығына ерекше тоқталды.

Одан әрі мемлекеттік қызмет ардагерлері құттықтау сөз сөйлеп, өздерінің ізгі тілектері мен ақжарма лебіздерін білдірді.

Мемлекеттік қызмет ардагері Төлеубай Түбекбайұлы Тынынбаев әріптестерін келе жатқан кәсіби мерекемен құттықтап, мемлекеттік қызметтің мемлекеттік басқару жүйесіндегі маңыздылығына ерекше тоқталды.

«Мен мемлекеттік еңбек жолымды ішкі істер органдарында бастап, онда 25 жылдан астам уақыт қызмет атқардым. Кейін Шортанды ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік қызметке орналасу үшін жарияланған конкурсқа қатысып, сәтті өттім. Аталған мемлекеттік мекемеде құқықтық бөлімнің басшысы қызметінен бастап, Шортанды ауданы әкімі аппаратының басшысы лауазымына дейін еңбек еттім. Мемлекеттік қызмет – жастар үшін кәсіби қалыптасудың тиімді мектебі. Бұл сала ашық мансаптық өсуді қамтамасыз етіп, әлеуметтік кепілдіктер береді. Осы ретте барлық мемлекеттік қызметшілерге ел дамуы жолындағы қызметтерінде жоғары жетістіктер мен толағай табыстар тілеймін», – деп сөзін қорытындылады ардагер.

Савченко Ирина Евгеньевна өз сөзінде: «Шортанды ауданы әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесіне мен 2003 жылы жалпы бөлімнің басшысы лауазымына келдім, кейін құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы қызметін атқарып, осы лауазымнан құрметті зейнет демалысына шықтым. Мемлекеттік қызмет – бұл өмір мектебі, ол адамды жауапкершілікке, тәртіпке және адамдармен жұмыс істеуге үйретеді. Баршаңызды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметші күні мерекесімен құттықтаймын, мықты денсаулық, тұрақтылық, ертеңгі күнге сенім және қызметтік жұмыстарыңызға табыс тілеймін», – деп атап өтті.

Едігенова Қарлығаш Төлеубайқызы Шортанды ауданының білім беру саласындағы көпжылдық еңбек жолын еске алды. Ол өз сөзінде аудан мектептері мен мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау жұмыстарын басқарғанын атап өтті. «Мен саналы ғұмырымды білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие үдерісін жүйелеуге, үйлестіруге және оның сапасын бақылауға арнадым. Бұл қызмет маған мол тәжірибе, терең білім мен кәсіби дағдылар жинақтауға мүмкіндік берді. Жинақталған тәжірибенің арқасында жас мамандарға бағыт-бағдар беріп, өз ойыммен және кеңесіммен бөлісе аламын. Жас ұрпаққа әрдайым биік мақсат қойып, табандылық танытып, ешқашан мойымауларын тілеймін», – деді ардагер.

Қоғамдық кеңес пен ардагерлер кеңесінің төрайымы қызметін атқарған Кизаева Төкен Дәмекқызы жас мемлекеттік қызметшілерге кәсібилікті арттыру, сондай-ақ аға буын өкілдеріне құрмет көрсету – маңызды қағидаттардың бірі екенін атап өтті.

Тыщенко Александр Александрович: «Еңбектеріңіз әрдайым сұранысқа ие болып, қоғамға пайда әкелсін. Сіздерге табыс, мықты денсаулық және жаңа жетістіктер тілеймін», – деді.

Дьяченко Владимир Александрович сөз сөйледі:

«Мемлекеттік қызметтегі еңбек жолымды Шортанды ауданы әкімінің аппаратында бастадым. Ұйымдастыру-бақылау бөлімінің басшысы қызметін атқарып, біз ресми іс-шараларды, қабылдауларды және кездесулерді дайындау мен өткізу жұмыстарын қамтамасыз еттік. Сонымен қатар мен дене шынықтыру және спорт бөлімінде басшы қызметін атқардым. Осы саланы мен халық арасында дене шынықтыру мен спортты дамытуға арнадым. Жас спортшыларды, спорттық разряд иегерлерін даярладым. Спорт – мінез мектебі, осы жылдар ішінде біз ауданымыздан шыққан бірқатар чемпиондар легін тәрбиелеп шығардық. Жастарға мықты денсаулық пен спорттық жеңістер тілеймін», – деді.

«Шортанды ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде ұзақ жылдар іс жүргізуші қызметін атқарған Жұмабаева Айтқамал Шәкенқызы іс-шараны ұйымдастырушыларға ардагерлерге көрсетілген жылы қабылдау мен ерекше назар үшін алғысын білдірді.

Ахметова Салима Зұлқарнайқызы өз ізгі тілегінде: «Өркендеу, тұрақтылық және кәсіби жетістіктер тілеймін. Жұмысыңыз тек еңбек өтілі мен жалақы ғана емес, сонымен қатар «Мен түсінемін. Мен қажетпін. Мен өсіп келемін» деген сенімділік сыйласын деді ол.

Қасенова Сәуле Хайлуллиловна – «Шортанды ауданы әкімдігі аппараты құрамында «Ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы лауазымында қызмет атқардым. Қызметімнің негізгі мазмұны идеологиялық сүйемелдеуді жүзеге асыру, халыққа стратегиялық құжаттарды, Президент Жолдауларын және мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру болды. Жастар са-

Продолжение на следующей странице ->

## АУЫЛДАҒЫ ӨМІР ЖИЗНЬ В СЕЛЕ

ясаты саласында жұмыс істеп, іс-шаралар ұйымдастыруға және жастардың бастамаларын қолдауға атсалыстым. Идеология саласындағы жұмыс менің сүйікті ісім болды. Жас ұрпаққа өз ісіне адал болып, еңбекқорлық танытып, күрделі міндеттерден қаймықпай, табандылықпен алға ұмтылуын тілеймін!»

Кездесу қорытындысында қатысушылар мемлекеттік қызмет дәстүрлерін сақтау және жинақталған тәжірибені жас ұрпаққа жеткізудің маңыздылығы туралы ортақ пікір білдірді. Ардагерлер барлық мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, жемісті еңбек, жаңа жетістіктер мен мемлекет пен қоғамға адал қызмет етуде толағай табыс тіледі.

Каруно Галина Петровна- «Мемлекеттік қызмет саласында 35 жылдан астам уақыт еңбек еттім. Менің негізгі қызметім жұмыспен қамту, атаулы әлеуметтік көмек көрсету, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды қолдау салаларындағы мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етуге бағытталды. Бізге түрлі өмірлік жағдайлары бар күніне шамамен 20–30 адам жүгініп келетін. Бұл қызмет барысында күрделі ұғымдар мен мәселелерді қарапайым әрі түсінікті тілмен жеткізе білу дағдысы қалыптасады. Жас ұрпаққа азға қанағат етіп, соның қадірін біле отырып қуана білу даналығын тілеймін. Жұмыс ауыр жүк емес, өмірлік бір баспалдақ болсын. Сенімнен күмәнданған сәттің өзінде де, әрдайым сендерге сенім артып, қолдау көрсететін жандардың қастарыңнан табылуын тілеймін».

**«Шортанды ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі**



## ВСТРЕЧА ВЕТЕРАНОВ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ, ПОСВЯЩЕННАЯ ДНЮ ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Под председательством заместителя акима района Ахметова Ш.Х. и руководителя аппарата Сейфиднова А.В. 10 июня 2026 года состоялась торжественная встреча ветеранов государственной службы, посвященная Дню государственного служащего.

Мероприятие прошло в теплой и деловой атмосфере. Участники обсудили вопросы развития государственной службы, укрепления преемственности поколений, а также повышения роли государственных служащих в социально-экономическом развитии района.

В ходе встречи ветераны отметили важность государственной службы как основы эффективного функционирования государственного аппарата, подчеркнув необходимость честного, ответственного и профессионального выполнения служебных обязанностей.

Далее с поздравлениями и напутственными словами выступили ветераны государственной службы.

Ветеран -Тынынбаев Толеубай Тубекбаевич поздравил коллег с наступающим профессиональным праздником и отметил значимость государственной службы в системе государственного управления.

«Свою государственную трудовую деятельность я начал в органах внутренних дел, где проработал более 25 лет. Затем прошел конкурс на государственную службу в ГУ «Аппарат акима Шортандинского района». В данном гу, я проработал, от руководителя правового отдела до руководителя аппарата акима Шортандинского района. Государственная служба, это отличная школа для молодого поколения, она дает прозрачный карьерный рост, гарантированный социальный пакет. Хочу пожелать всем государственным служащим больших профессиональных достижений на благо нашей страны»

Савченко Ирина Евгеньевна сказала – «В ГУ «Аппарат акима Шортандинского района» я пришла в 2003 году начальником общего отдела, затем я проработала руководителем документационного обеспечения, с должности которой я вышла на заслуженную пенсию. Школа государственная служба- это школа жизни, она учит ответственности, дисциплине и работе с людьми. Хочу поздравить всех с наступающим праздником «День государственного служащего Республики Казахстан», желаю крепкого здоровья, стабильности, уверенности в завтрашнем дне и успехов в служебной деятельности».

Едигенова Карлыгаш Толеубаевна поделилась воспоминаниями о работе в сфере образования Шортандинского района, где она проработала руководителем отдела. «Всю свою сознательную жизнь я отдала организации, координации и контроля учебного и воспитательного процесса в школах, детских садах. Эта работа дала мне огромный опыт иметь за плечами ценную совокупность знаний, уроков и практических навыков, благодаря которому я с легкостью могу поделится советом с молодыми специалистами в данной сфере. Желаю молодому поколению идти всегда вверх и никогда не сдаваться».

Кизаева Токен Дамековна- проработавшая председателем общественного совета, председателем совета ветеранов пожелала молодым государственным служащим профессионализма и уважение к старшим поколениям.

Тыщенко Александр Александрович -«Пусть ваша работа всегда будет востребована и приносит пользу обществу. Успехов, здоровья и новых достижений».

Дьяченко Владимир Александрович сказал слово:

«Путь начинания государственной службы я начал в аппарата акима Шортандинского района, проработал руководителем организационно-контрольного отдела, мы обеспечивали подготовку и проведение официальных мероприятий, приемов, встреч. Также я проработал в отделе физической культуры и спорта, руководителем. Данную сферу я посвятил развитию физкультуре среди населения. Готовил молодых спортсменов-разрядников. Спорт – это школа характера, мы воспитали не одну плеяду чемпионов района. Желаю молодежи крепкого здоровья и спортивных побед».

Джумабаева Айткамал Шакеновна – проработавшая очень длительное время в ГУ «Аппарат акима Шортандинского района» делопроизводителем, выразила слова благодарности организатором мероприятия, за теплый прием и внимание к ветеранам.

Ахметова Салима Зулкарнаевна -пожелала: «Процветания, стабильности и профессиональных успехов. Пусть работа дает не только стаж и оклад, но и уверенность «Я разбираюсь. Я нужен. Я расту».

Касенова Сауле Хайлуллиловна – «В аппарате акима Шортандинского района я работала руководителем ГУ «Отдел внутренней политики», работа заключалась идеологическом сопровождении, разъяснение населению стратегических документов, посланий Президента и государственных программ. Работа с молодежной политикой, организация мероприятий, поддержка молодежных инициатив. Работа в сфере идеологии была моим любимым делом. Хочу пожелать подрастающему поколению верности долгу, трудолюбия и не бояться трудных задач!».

В завершение встречи участники выразили общее мнение о важности сохранения традиций государственной службы и передачи опыта молодому поколению. Ветераны поздравили всех государственных служащих с профессиональным праздником и пожелали плодотворной работы, новых свершений и дальнейших успехов в служении государству и обществу.

Каруно Галина Петровна- «На государственной службе я проработала более 35 лет. Основная моя работа заключалась по обеспечению реализации государственных по трудоустройству, адресной социальной помощи, поддержке многодетных и малообеспеченных семей. Через нас проходили с разными историями по 20-30 человек. На этой работе можно научится объяснять сложные вещи простым языком. Желаю молодому поколению мудрости радоваться малому. Пусть работа будет не каторгой, а ступенькой. А рядом всегда будут те, кто верит в вас, даже когда вы сами не верите».

**Государственное учреждение «Аппарат акима Шортандинского района»**

АУЫЛДАҒЫ ӨМІР | ЖИЗНЬ В СЕЛЕ

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҚЫЗЫ ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА 101 ЖЫЛ

15 маусым – Кеңес Одағының Батыры, мерген Әлия Молдағұлованың туған күні. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отаны үшін отқа түсіп, ерлігімен ел есінде қалған қазақтың қаһарман қызының биыл туғанына 101 жыл.

Былтыр Әлия Молдағұлованың 100 жылдық мерейтойы мемлекеттік деңгейде кеңінен аталып өтті. Атап айтқанда, Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналған «Айбын» XI халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынының ашылу салтанатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова сынды батырлардың ерлігі өскелең ұрпақ үшін Отан алдындағы парызға адалдықтың үлгісін көрсеткенін атап өткен болатын.

Батыр қыздың қайсарлығы – Отанға адалдықтың, өр рух пен жанқиярлықтың жарқын үлгісі. Әлия Молдағұлова 1925 жылы 15 маусымда Ақтөбе облысының Бұлақ ауылында дүниеге келген. Ғұмыры қысқа болса да, рухы мен есімі ел жадында мәңгіге сақталды. Ашық шайқасқа 1943 жылдың қазан айында 2-Прибалтика майданының 22-армиясы құрамындағы 54-жеке атқыштар бригадасы құрамында түсті.

1944 жылғы 14 қаңтарда Псков облысындағы Насва стансасын жау қолынан азат ету кезінде Әлия Молдағұлова ерекше ерлік көрсетті. Толассыз оқ астында сарбаздарды бірнеше мәрте шабуылға бастап, жауынгерлерді жігерлендіріп отырды. Командирлер саптан шыққан сәтте басшылықты өз қолына алып, ұрысты жалғастырды. Ауыр жараланса да, соңғы демі қалғанша майдан шебін тастамай, ержүректік пен өжеттіктің озық үлгісін көрсетті.

Әлия Молдағұлова небәрі 18 жасында майдан даласына аттанып, ерлікпен қаза тапты. Соғыстан кейін майданда қаза болған жауынгерлердің сүйегі әскери құрметпен бауырластар зиратына қайта жерленді.

Тарихи деректерге сәйкес, мерген қыз майдан даласында жаудың 78 солдаты мен офицерінің көзін жойған. Көрсеткен ерлігі мен қайсарлығы үшін Әлия Молдағұловаға қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, «Алтын Жұлдыз» медалімен және Ленин орденімен марапатталды. Әлия Молдағұлованың есімі мен ерлігі халық жадында мәңгі сақталып келеді. Батыр қыздың аты көптеген елді мекендерге, көшелер мен даңғылдарға беріліп, оның құрметіне ескерткіштер мен мемориалдық кешендер салынды.

Ақтөбе облысында Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұловаға арналған облыстық мемориалдық музей жұмыс істейді. Онда мерген қыздың балалық шағы, оқыған кезеңі және майдан жолына қатысты құнды деректер жинақталған. Сонымен қатар Қобда ауданындағы Әлия ауылында да оның рухына арналған музей бар.

Әлия Молдағұлованың есімі мен ерлігі Мәскеуде де кеңінен насихатталып келеді. 1998 жылы №891 мектепке Әлия Молдағұлованың есімі берілді. Бұдан бөлек, Әлияның өзі тәлім алған мергендер мектебі орналасқан даңғыл оның құрметіне аталған. Ал 2005 жылы Әлия Молдағұлованың 80 жылдық мерейтойы қарсаңында мектеп ауласына ескерткіш қойылды.

Қазақтың даңқты қызы – ел басына күн туған шақта халқын, жерін жауға бермеу үшін атқа қонған қазақтың батыр қыздарының ізбасары. Оның тағдыры мен жауынгерлік жолы әдебиетте, музыкада, кино мен театрда кеңінен дәріптеліп келеді. Ал ерлігі мен тағылымы жыл өткен сайын жаңғырып, жаңара бермек.

**ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі**




## ХРАБРАЯ ДОЧЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА: 101 ГОД СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ АЛИИ МОЛДАГУЛОВОЙ

15 июня исполняется 101 год со дня рождения Героя Советского Союза Алии Молдагуловой – легендарной снайперши, чье имя навсегда вписано в историю Великой Отечественной войны и стало символом мужества, самоотверженности и беззаветной любви к Родине.

В прошлом году на государственном уровне широко отмечалось 100-летие со дня рождения Алии Молдагуловой. Выступая на церемонии открытия XI Международного военно-патриотического сбора молодежи «Айбын», посвященного 100-летию со дня рождения А.Молдагуловой, Глава государства отметил, что такие герои, как Алия Молдагулова и Маншук Маметова, являются примером беззаветного служения Родине для молодого поколения.

Ее подвиг является примером истинного патриотизма и любви к Родине. Алия Молдагулова родилась 15 июня 1925 года в селе Булак Актюбинской области. Несмотря на короткую жизнь, ей удалось совершить подвиг, который навсегда сохранился в памяти народа. Боевой путь Алии начался в октябре 1943 года в составе 54-й отдельной стрелковой бригады 22-й армии 2-го Прибалтийского фронта.

14 января 1944 года при освобождении станции Насва в Псковской области от немецкой оккупации Алия совершила свой подвиг. Под шквальным огнем шесть раз поднимала своих товарищей в бой. В роте, где офицеры были выведены из строя, Алия приняла на себя роль командира. Получив тяжелое ранение, она до последнего оставалась на поле сражения. На момент гибели Алие Молдагуловой было всего 18 лет. После войны останки погибших были перезахоронены в братской могиле с воинскими почестями.

По данным исторических материалов, на ее боевом счету 78 уничтоженных солдат и офицеров противника. За проявленное мужество Алия Молдагулова посмертно была удостоена звания Героя Советского Союза, награждена медалью «Золотая Звезда» и орденом Ленина. Память о ее подвиге бережно сохраняется в Казахстане и за его пределами.

Именем Алии Молдагуловой названы населенные пункты, улицы, проспекты, музеи, установлены памятники и мемориальные комплексы. В Актюбинской области работают областной мемориальный музей Героя Советского Союза, где представлены материалы, связанные с ее детством, учебой, фронтовыми страницами биографии. Музей ее памяти также открыт в поселке Алия Хобдинского района.

Особое место в сохранении памяти о Герое занимает Москва. В 1998 году ее имя было присвоено школе №891. Кроме того, именем Героя назван проспект, где находится здание снайперской школы, в которой училась Алия. В 2005 году, к 80-летию Молдагуловой, во дворе школы был установлен памятник.

Подвиг Алии Молдагуловой занимает особое место в исторической памяти народа. Ее образ отражен в книгах, песнях, фильмах, произведениях искусства и сценических постановках. Для новых поколений она остается примером стойкости, смелости и любви к Родине.

**Пресс-служба Министерства культуры и информации РК**

## СЪЕМКИ ФИЛЬМА «ДОСПЕХИ БОГА 4» НАЧАЛИСЬ НА ЗАПАДЕ КАЗАХСТАНА - КАРТИНУ СНИМУТ С УЧАСТИЕМ ДЖЕКИ ЧАНА

Уже сделаны первые кадры кинопроекта на уникальных природных ландшафтах Мангистау, сообщили в акимате области.

Одна из основных локаций - урочище Бозжыра, известное своими «марсианскими» пейзажами.

Ранее Джеки Чана заметили в Алматы, позже актер сказал, что «разведывал локации».

Режиссером фильма «Доспехи Бога: Ультиматум» станет казахстанец Роберт Кун.
Sputnik Казахстан в МАКС

**Собственность корреспондент**



# Делаем новости вместе!

АУЫЛДАҒЫ ӨМІР | ЖИЗНЬ В СЕЛЕ

## «ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ РЕСМИ МӘЛІМДЕМЕСІ

Әлеуметтік желілерде «Әділет» партиясының атауын заңсыз пайдаланып, өзін партияның ресми өкілдігі ретінде таныстыратын жалған аккаунттар мен парақшалар анықталды.

Бұл ресурстар арқылы партиялық билеттер беру, партия мүшелерін тіркеу және партияның қызметіне қатысты жалған ақпарат таратылып жатыр.

Аталған аккаунттардың «Әділет» партиясына ешқандай қатысы жоқ екенін ресми мәлімдейміз. Олар арқылы таратылатын кез келген ақпарат шындыққа жанаспайды.

Партияның тек ресми ақпарат көздеріне сену керегін еске саламыз: adilet_partiyasy, t.me/adilet_partiyasy, https://adilet-partiyasy.kz.

Партияның атауы мен рәміздерін заңсыз пайдаланғаны, сондай-ақ жалған ақпарат таратып, азаматтарды жаңылыстырғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында жауапкершілік көзделгенін ескертеміз.

Анықталған фактілер бойынша материалдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті шаралар қабылдау үшін құқық қорғау органдарына жолданды.

Азаматтардан жеке деректерін бейтаныс адамдарға бермеуді және «Әділет» партиясының ресми байланыс арналарына ғана жүгінуді өтінеміз.

**Газетінің редакциясы**

## ОФИЦИАЛЬНОЕ ЗАЯВЛЕНИЕ ПАРТИИ «ӘДІЛЕТ»

В социальных сетях выявлены фейковые аккаунты и страницы, незаконно использующие наименование партии «Әділет» и выдающие себя за ее официальные представительства.

Через данные ресурсы распространяется ложная информация о выдаче партийных билетов, регистрации членов партии и деятельности партии в целом.

Официально заявляем: указанные аккаунты не имеют никакого отношения к партии «Әділет». Любая распространяемая через них информация является недостоверной.

Призываем граждан доверять исключительно официальным источникам партии: @adilet_partiyasy , t.me/adilet_partiyasy , adilet-partiyasy.kz

Предупреждаем, что незаконное использование наименования и символики партии, а также распространение ложной информации и введение граждан в заблуждение влекут ответственность, предусмотренную законодательством Республики Казахстан.

Материалы по выявленным фактам переданы в правоохранительные органы для принятия мер в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Просим граждан не передавать персональные данные неизвестным лицам и пользоваться только официальными каналами коммуникации партии «Әділет».

**Редакция газеты**

ӘDІLET

## 14 МАУСЫМ – МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН КӘСІБИ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Сіздердің ерен еңбектеріңіздің арқасында еліміздің аграрлық саласы дамып, азық-түлік қауіпсіздігі нығайып келеді. Денсаулық, бақ-береке және мол табыс тілейміз!

## 14 ИЮНЯ – ПОЗДРАВЛЯЕМ РАБОТНИКОВ ЖИВОТНОВОДЧЕСКОЙ ОТРАСЛИ С ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМ ПРАЗДНИКОМ!

Ваш ежедневный труд является основой продовольственной безопасности страны и важным вкладом в развитие агропромышленного комплекса Казахстана. Желаем крепкого здоровья, благополучия и новых успехов!




**«Shortandy News»** **«Shortandy News»**

## ДОНОР БОЛУ – АДАМ ӨМІРІНЕ АРАША ТҮСУ ДЕГЕН СӨЗ

Қан донорының дүниежүзілік күні барлық донорлардың қоғам үшін атқарып жүрген маңызды еңбегін еске салады. Қайырымдылық пен жанашырлық танытып жүрген барша азаматтарға алғыс айтамыз!

## ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ ДОНОРСКОЙ КРОВИ

14 июня отмечается Всемирный день донора крови — день благодарности людям, которые безвозмездно помогают спасать жизни.

Каждая донация крови может стать шансом на выздоровление для пациентов, нуждающихся в срочной медицинской помощи. Благодарим всех доноров за неравнодушие, доброту и готовность прийти на помощь тем, кто в ней нуждается.

**Бейбіт Молдазиятов**
**Бейбит Молдазиятов**




Аудандық қоғамдық-саяси газеті
SHORTANDY NEWS
Районная общественно-политическая газета

*"Shortandy News" газетінің редакциясы" ЖШС*
*Тіркеу куәлігі: KZ63RBZ00056445*
*Бас редактор: Молдазиятов Б. А.*

*«АҚПАРАТТЫ ОРНАЛАСТЫРУҒА ЖӘНЕ КЕРІ БАЙЛАНЫСҚА ҚАТЫСТЫ»:*
**Тел:** +77015030901
**e-mail:** bmoldaziyatov@gmail.com

*«ЖАРКЫН КО» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ 010000, Казакстан Республикасы, Астана каласы, Абай дангылы, 57/1, НП-1 тел.: (7172) 21-50-86, тел./факс: (7172) 21-80-24*

*Газеттің таралымы 250 дана*